

**«Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі»
(арнайы мектеп, арнайы балабақша, оңалту орталығы, аутизм орталығы, ППТК, ПМПК)
республикалық педагогикалық шеберлік конкурсының қалалық кезеңін өткізу туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже арнайы балабақша, арнайы мектеп, ОО, ППТК, АО және ПМПК педагогтері үшін «Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі» Республикалық педагогикалық шеберлік конкурсының қалалық кезеңін (бұдан әрі - Конкурс) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Осы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Педагог мәртебесі туралы» Заңға, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығына «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» сәйкес әзірленді.

1.3. Конкурс педагогикалық еңбектің беделін арттыру, арнайы білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – АББ) үздік педагогтерінің тәжірибесін тарату, жеке тұлғаның әлеуметтік-кәсіби ресурстарын және АББ педагогтерінің кәсіби шеберлігін дамыту мақсатында өткізіледі. Конкурстың негізгі міндеттері - дарынды педагогтарды анықтау және қолдау, мұғалімнің оң әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру, педагогикалық инновациялар мен шығармашылық белсенділікті көтермелеу, педагогикалық тәжірибені жалпылау нысандарын жетілдіру.

1.4.«Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі» Республикалық педагогикалық шеберлік конкурсының қалалық кезеңінің негізгі ұйымдастырушысы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК болып табылады.

1.5.Конкурсқа Ереженің талаптарына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім берген, арнайы білім беру ұйымдарында (ОО, ППТК, АО, ПМПК, арнайы балабақшада, арнайы мектепте) кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар тәрбиешілер мен педагогтер қатысады. Қатысушылардың жасына шек қойылмайды.

**2. «Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі» конкурсына қатысушыларға
атақ, номинациялар беру тәртібі, критерийлері**

2.1. «Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі» атағы жыл сайын Конкурсқа қатысқан оңалту орталығы, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті, аутизмі бар балаларды қолдау орталығы, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес, арнайы балабақша, арнайы мектеп педагогтеріне конкурстық негізде беріледі.

2.2. «Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі» атағы бір педагогқа үш жыл ішінде бір реттен артық берілмейді.

2.3. Конкурсқа келесідей критерийлерге сәйкес келетін педагогтер қатысады:

- ОО, ППТК, АО, ПМПК, арнайы балабақшаның, арнайы мектептің штаттық педагогтері;
- конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде бес жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар.

2.4. Конкурс төмендегідей номинациялар бойынша өткізіледі:

➤ *«ППТК, ОО, арнайы балабақшаның, арнайы мектептің үздік тәрбиешісі»* (тәрбие процесін жүзеге асыратын педагогтер);

➤ *«ОО, ППТК, АО, ПМПК, арнайы балабақшаның, арнайы мектептің үздік педагогі (мұғалімі)»* (оқу процесін жүзеге асыратын педагогтер);

Әрбір маман **Бір** номинациядан артық қатыса алмайды.

3. Конкурсты өткізу тәртібі

3.1. Кезеңдерді өткізу мерзімдерін нақтылай отырып, Конкурс өткізу туралы хабарландыру Астана қаласы аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ Әдістемелік орталықтың интернет-ресурсында орналастырылады.

3.2. Конкурс жыл сайын екі кезеңде өткізіледі.

3.2.1. I кезең – іріктеу, қалалық **(02 мамыр-01 маусым)**. Өткізу түрі – ұсынылған құжаттар мен қатысушылардың материалдары негізінде сырттай. Іріктеу турының қорытындысы бойынша әр номинация бойынша 1-орын алған жеңімпаздар Конкурстың екінші кезеңіне қатысуға жіберіледі.

3.2.2. II кезең – финалдық, республикалық **(1-30 қараша)**. Өткізу түрі - бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша қатысушылар туралы ұсынылған құжаттар мен конкурстық материалдар негізінде сырттай.

3.3. Ереженің 1.5 және 2.3-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін педагогтер өтінім береді және 3.10 және 3.14-тармақтарда көрсетілген барлық қажетті конкурстық құжаттарды өткізеді. Осы Ережеде көрсетілген талаптар мен формаларға сәйкес келмейтін және/немесе материалдарды ұсыну мерзімінен кеш түскен материалдар қаралмайды.

3.4. Конкурсты өткізу үшін Конкурстық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылып, бекітіледі. I кезеңді өткізуге Комиссияны Әдістемелік орталық қалыптастырады, Комиссия құрамы Орталықтың бұйрығымен бекітіледі.

3.5 Конкурстық Комиссия:

1) Конкурс кезеңдерін дайындауға, өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады, өткізу мерзімдері, бағдарламасы, Конкурс құзыреттерінің тізбесі бойынша ұсыныстар қалыптастырады;

2) қазылар алқасының құрамын бекітеді, қорытындылайды және жеңімпаздарды марапаттайды;

3) Конкурстың құжаттамасын (конкурстық тапсырмалар, бағалау критерийлері, номинациялар бойынша қорытынды хаттамалар және басқа құжаттар) әзірлейді;

4) білім беру ұйымдарына ақпараттық хаттар, бағдарлама және т.б. жолдайды.;

5) Конкурсты техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

6) Конкурсты ақпараттық жария етуді қамтамасыз етеді.

3.6 Қалалық кезеңнің жеңімпаздарын анықтау үшін Конкурстың қазылар алқасы құрылады.

1) Конкурстың қазылар алқасының құрамы мен төрағасын Конкурстық комиссия айқындайды;

2) қазылар алқасы критерийлерге сәйкес ең көп балл саны бойынша Конкурс жеңімпаздарын айқындайды.

3) жеңімпаздарды анықтауды қазылар алқасының мүшелері жабық дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

8. Конкурс туралы ақпарат және байланыс мәліметтері (телефон, электрондық почта адресі) Ұйымдастырушының ресми сайтында орналастырылады.

4. Конкурстың I кезеңін өткізу тәртібі

4.1. I кезең (іріктеу) Астана қаласы деңгейінде өткізіледі. I кезеңге қатысу үшін Ереженің 1.5 және 2.3-тармақтарына сәйкес АББ педагог қызметкерлері шақырылады. Өткізу түрі – ұсынылған құжаттар мен қатысушылардың материалдары негізінде сырттай. Кезеңді

өткізу мерзімдері 2025 жылғы мамыр-маусым айлары, нәтижелері бойынша екінші кезеңге қатысу үшін ұсынылатын Конкурстың 1-кезеңінің жеңімпаздары айқындалады.

4.2. Комиссия құрамы Басқарма қызметкерлерінен, әдіскерлерден, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберліктің кәсіби конкурстарының жеңімпаздарынан, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен, сондай-ақ білім беру саласындағы қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен құралады. Комиссия мүшелерінің саны кемінде жеті адамды құрайды. Комиссия төрағасы мен төрағасының орынбасары Комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Комиссия отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде заңды деп есептеледі. Хатшы оның мүшесі болмайды.

4.3. Конкурстың I кезеңін өткізу туралы хабарландыруды Әдістемелік орталығы Астана қаласы аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды, сондай-ақ Орталықтың интернет-ресурсында орналастырады. I қалалық кезеңге қатысуға өтінім сканерленген нұсқадағы формаға **(1-қосымша)** сәйкес, **2025 жылғы 20 мамырға** дейінгі мерзімде «Конкурс» деген белгісі бар Орталықтың **spec.incl@astana-modern.edu.kz** электрондық адресіне беріледі.

4.4. I қалалық кезеңге қатысу үшін Конкурсқа қатысушылар келесідей құжаттар мен материалдарды электрондық форматта ұсынады:

- 1) Конкурсқа қатысуға арналған форма бойынша өтінім сканерленген нұсқадағы формаға (1-қосымша) сәйкес 20 мамырға дейінгі мерзімде «Конкурс» деген белгімен Әдістемелік орталықтың электрондық мекенжайына беріледі;
- 2) Арнайы білім беру ұйымдарының басшылары растаған педагогке ұсыным;
- 3) жұмыс орны бойынша куәландырылған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақша;
- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) арнайы білім беру ұйымының ұйымдастыру комитеті отырысының хаттамасынан үзінді көшірме;
- 6) педагог/тәрбиешінің бейне-визиткасы - қоса беріліп отырған техникалық шарттарға сәйкес Педагогтің кәсіби құзыреттілігі, жеке жетістіктері мен қасиеттері туралы ақпаратты қамтитын қысқаша бейнеролик;
- 7) техникалық шарттарға сәйкес арнайы білім беру ұйымында педагог жұмысының ерекшелігіне сәйкес электрондық тасмалдағышқа жазылған сабақ/тексеру;
- 8) жазылған бейнеге қоса түзету қызметінің/ сабақтың/тексерудің/арнайы түзету іс-әрекетінің конспектісі және/немесе пайдаланылатын әдістемелерді көрсете отырып, баланы тексеру хаттамасы;
- 9) өткізілген іс-шараға (сабақ, тексеру/арнайы түзету іс-әрекеті) педагогтің өзінің анализі (сабақты/ тексеруді/арнайы түзету іс-әрекетін анализдеу парағы);
- 10) отбасында бала дағдыларын дамытуға бағытталып әзірленген үй бағдарламасы. (ПМПК, ППТК, ОО, АО мамандары үшін).
- 11) «Әдістемелік жинақ» - авторлық бағдарламалар, әдістемелік нұсқаулықтар, жеке кеңес беру және т.б.
- 12) Электрондық портфолио (педагогтің электрондық портфолиосының құрылымы **2-қосымшада** көрсетілген);

Конкурсқа қатысу үшін барлық материалдар қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

Материалдарды ұсыну мерзімі – 2025 жылғы 20 мамырға дейін (қоса алғанда). Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен және талаптарды сақтамай ресімделген материалдар қарастырылмайды.

4.5. Конкурстық комиссия ұсынылған материалдарды бағалайды, конкурстың I қалалық кезеңінің әрбір номинациясындағы қатысушылардың рейтингін айқындайды. Конкурстың I кезеңінің нәтижелері Комиссия отырысының хаттамасымен тіркеледі және әрбір қатысушыға 15 маусымнан кешіктірмей электрондық почта арқылы хабарланады. Конкурстың 1-кезеңінің әрбір номинациясы бойынша жеңімпаздар (1-орын) Конкурстың II кезеңіне қатысуға ұсынылады.

3.12. Әдістемелік орталық «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ-не Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін педагогтер туралы мәліметтерді (аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы, байланыс деректері)

көрсете отырып хат жолдайды. Хатқа Конкурстың 1-кезеңінің нәтижелері хаттамасының көшірмесі қоса беріледі .

5. Конкурс қорытындысын шығару

5.1. Конкурстық комиссия І қалалық кезеңнің жеңімпаздарын айқындайды. Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаздарға **«Арнайы білім беру ұйымының (ОО, ППТК, АО, ПМПК, арнайы балабақша, арнайы мектеп) үздік педагогі»** атағы беріледі. Жеңімпаздарға Комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде әрбір номинацияда І, ІІ, ІІІ дәрежелі дипломдар табыс етіледі.

5.2.. Әр номинация бойынша Конкурстың жеңімпазы рейтингте ең көп балл жинаған қатысушы болып табылады.

5.3..Номинация шеңберінде бәсекелестік орта болмаған жағдайда, жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталмайды.

5.4. Конкурстың І кезеңінің қорытындылары Астана қаласы аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жарияланады, сондай-ақ Әдістемелік орталықтың интернет-ресурсында орналастырылады.

**«Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі»
республикалық педагогикалық шеберлік конкурсының қалалық кезеңіне қатысуға
ӨТІНІМ**

Білім беру ұйымы:

Номинация:

I. Конкурсқа қатысушы туралы мәліметтер, ЖСН

1.1. Конкурсқа қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (толықтай):

1.2. Лауазымы және жұмыс өтілі:

1.3. Мекенжайы, жұмыс орны:

Телефон:

Ұйымның электронды почтасының адресі:

1.4. Байланыс телефоны:

Қатысушының электронды почтасының адресі:

II. Білім беру ұйымы әкімшілігінің осы қатысушыны (Өтініш берушіні) білім беру
ұйымы басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған Конкурсқа ұсыну туралы
шешімі:

Директор

Жеке қолы

Қолтаңбаның
толық
жазылуы

М.О.

«Арнайы білім беру ұйымының
үздік педагогі» Конкурсын өткізу туралы ережеге
2-қосымша

«Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі»
республикалық педагогикалық шеберлік конкурсының I қалалық кезеңінің
материалдарын рәсімдеуге қойылатын
ТАЛАПТАР

1. Арнайы түзету іс-әрекетінің/сабақтың / оқудың / тәрбие іс-шарасының бейнежазбасы AVI, MPED, WMP (таңдау үшін) кеңейтімі бар электрондық нұсқада ұсынылады. Бейнежазба арнайы түзету іс-әрекеті/сабақ/оқу/тәрбие іс-шарасының технологиялық карта түріндегі жоспар-конспектісімен, сондай-ақ MSWord форматында ресімделген сабақтың өзін-өзі талдауымен сүйемелденеді.

Қоса берілген файлдардың мәтіні келесі параметрлерді сақтай отырып ресімделеді:

а) жоспар-конспект: парақтың бағыты- альбом; алаңы: сол жақтан – 1 см, оң жақтан – 1 см, төменгі жағынан – 1,5 см, жоғарғы жағынан – 3 см; тақырып қарпі – Times New Roman, 14кегль; мәтін қарпі -Times New Roman,12 кегль.

б) Сабақтың/оқудың өзін-өзі талдауы: парақтың бағыты – кітап; алаңы: сол жақтан – 3 см, оң жақтан -1,5 см, төменгі жағынан – 1,5 см, жоғарғы жағынан – 2 см; тақырып қарпі - Times New Roman, 14 кегль; негізгі мәтін қарпі – Times New Roman,14 кегль.

2. Жіберілетін бейне файлдардың көлемі 2 гб-тан аспайды, форматтары стандартты:*. mp 4 немесе*.avi.

3. Бейнероликтердің атауына «Қатысушының Т.А.Ә.» форматында қол қойылады. Роликтің атауы. Ұйымның атауы».

«Арнайы білім беру ұйымының
үздік педагогі» Конкурсын өткізу туралы ережеге
3-қосымша

Педагогтердің «Арнайы ұйымның үздік педагогі» конкурсына ұсынған
материалдарын бағалау критерийлері

1. I (ІРІКТЕУ) КЕЗЕҢНІҢ КОНКУРСТЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫН БАҒАЛАУ

1.1. Арнайы түзету іс-әрекетінің/ашық сабақтың/сабақтың бейнежазбасы **(30 минутқа дейін)**

1.1.1 Жеке дамыту бағдарламасы ((сабақтың мақсаттары мен міндеттерінің түзете-дамыту жұмысының бағыттарына және ЖДБ-ның күтілетін нәтижелеріне сәйкестігіне)

1.2. Тексерудің бейне жзабасы (ПМПК мамандары үшін) (30 минутқа дейін)

1.2.1 ПМПК шеңберінде баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау

1.2.2 ПМПК мамандарының отбасыға кеңес беруі

1.2.3 ПМПК шеңберінде әзірленген ЕБҚ бар баланың отбасы үшін дағдыларды дамытудың үй бағдарламасы

2. Педагогтің бейне-визиткасы

3. Әдістемелік кейстің материалы

Бағалау критерийі
«Ең үздік сабақ»

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
1	Педагог пентәрбиеленушілер/білім алушылар қызметінің мақсаты, міндеттері, мазмұны, арнайы түзету іс-әрекеті/сабақ/оқу құрылымы; сараланған және жеке тәсілді, ресурстарды, кері байланыс орнату тәртібін, қол жеткізілген нәтижелерді бағалау тәсілдерін қамтитын сабақ конспектісі	0	1	2	3
2	Арнайы түзету іс-әрекеті/сабақтың/оқудың мақсаттары мен міндеттері тәрбиеленушілердің/оқушылардың дағдылары мен жеке қасиеттерін сипаттайтын күтілетін нәтижелерді тұжырымдайды	0	1	2	3
3	Педагог/тәрбиеші тәрбиеленушілердің/оқушылардың іс-әрекетін ынталандырудың жоғары деңгейін жасайды және қолдайды	0	1	2	3
4	Тәрбиешінің/педагогтің балалармен қарым-қатынас стилі психологиялық жайлылықты, өзара қарым-қатынас пен өзара сыйластық атмосферасын қамтамасыз етеді	0	1	2	3
5	Педагог/тәрбиеші қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды (соның ішінде АКТ) пайдаланады, білім беру процесінің түзету-дамыту және тәрбиелік бағытталу әдістерін пайдаланады, тәрбиеленушілердің/білім алушылардың дербес қызметі мен ынтымақтастығы үшін жағдайлар жасайды	0	1	2	3
6	Педагогпен/тәрбиешімен бірлескен және тәрбиеленушілердің/білім алушылардың дербес іс-әрекетінің мазмұны олардың мүмкіндіктеріне сәйкес келеді, сараланған және жеке тәсіл, тәрбиеленушілердің/білім алушылардың жетістіктерін ағымдағы және қорытынды бағалау қамтамасыз етілген	0	1	2	3
7	Сабақтың/оқудың мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізілді	0	1	2	3
8	Педагог арнайы түзету іс-әрекеті/сабақ/оқу құрылымына, әдістемелік әдістерді таңдауға негізделген өзін-өзі талдаудың құрылымын береді, сараланған және жеке көзқарастың қажеттілігін түсіндіреді, көрнекілік құралдарын, практикалық әрекеттерді, топтық жұмысты және т.б. қолданады, сабақта/оқуда қол жеткізілген нәтижелерге объективті баға береді	0	1	2	3
9	Баланың дамубұзылыстарының күрделілігі	0	1	2	3
10	Арнайы түзету іс-әрекеті/сабақ (жеке, кіші топтық, топтық)	0	1	2	3
Максималдыбалл:		30			

Бағалау:

0-көрсеткіш көрінбейді;

1-көрсеткіш жеткіліксіз ұсынылған;

2-көрсеткіш жеткілікті деңгейде ұсынылған;

3-көрсеткіш жоғары деңгейде ұсынылған

педагогтердің кәсіби қызметін бағалау критерийлері

**«Мүмкіндігі шектеулі баланың жеке -даму бағдарламасы»
(ПМПК мамандары мен тәрбиешілерден басқа)**

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
		0	1	2	3
1	Толтырутолықтығы	0	1	2	3
2	Қолданылатын ғылыми терминологияның дәлдігі	0	1	2	3
3	Теорияның практикамен органикалық байланыс принципін жүзеге асыру, пәнішілік және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру	0	1	2	3
4	Командалық бағалау хаттамасының мазмұны мен баланың бағдарламасының сәйкестігі, ӘХЖ бойынша көмек бағдарламасының болуы	0	1	2	3
5	Түзету-дамытушылық оқытудың мақсаты мен міндеттерін әдістемелік пысықтау, оның функционалдық маңыздылығы	0	1	2	3
6	Оқыту технологияларын, әдістерін, тәсілдері мен құралдарын таңдау тұрғысынан жеке бағдарламаны әдістемелік пысықтау	0	1	2	3
7	Тексеру хаттамаларының болуы, толтырудың толықтығы	0	1	2	3
8	Мемлекеттік қызмет көрсету қажеттілігі (ПМПК қорытындысы, шарт және т. б.) және ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау туралы растайтын құжаттардың болуы	0	1	2	3
Максималды балл:		24			

Конкурстық тапсырманың максималды бағасы **24 балл**.

0 - сәйкес келмейді

1 - пысықтауды қажет етеді

2 - толық көлемде сәйкес келмейді

3 - толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

**«Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау»
бағалау критерийлері (әлеуметтік педагогтерден басқа)**

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
		0	1	2	3
1	Тексеру құрылымы мен хаттаманы толтыру сапасын сақтау	0	1	2	3
2	Мақсаттар мен міндеттерге, көрнекі құралдармен материалдарға қол жеткізу үшін әдістермен тәсілдерді таңдаудың негізділігі.	0	1	2	3
3	Қолданылатын терминологияның дәлдігі	0	1	2	3
4	Тексеру барысында пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру	0	1	2	3
5	Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтаудың толықтығы	0	1	2	3
6	Тексеру хаттамасы мазмұнының ЕБҚ-ін қанағаттандыру бойынша ұсынымдарға сәйкестігі.	0	1	2	3
7	Кәсіби шеберлік және құзыреттілік	0	1	2	3
8	Безендіру мәдениеті	0	1	2	3
Максималды балл:		24			

Конкурстық тапсырманың ең жоғары бағасы **24 балл**.

- 0 - сәйкес келмейді
- 1 - пысықтауды қажет етеді
- 2 - толық көлемде сәйкес келмейді
- 3 - толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

**«Отбасына ең үздік кеңес беру» бағалау критерийлері
(ПМПК мамандары үшін)**

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
		0	1	2	3
1	Әзірлеменің өзектілігі мен ерекшелігі	0	1	2	3
2	Қолданылатын терминологияның дәлдігі	0	1	2	3
3	Материалды берудің логикалығы, түсінікті әдістемелік негіздемесінің болуы	0	1	2	3
4	Ата-анасына баланың проблемаларын, күшті жақтарымен әлеуетті мүмкіндіктерін сенімді түрде көрсетуге мүмкіндік беретін, бала іс-әрекетінің сапалы сараптамасы.	0	1	2	3
5	Кеңес мазмұнының анықталған ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкестігі.	0	1	2	3
6	Кеңес берудің ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша қолжетімділігі.	0	1	2	3
7	Кәсіби шеберлік және құзыреттілік	0	1	2	3
8	Бейне кеңестердің болуы	0	1	2	3
Максималды балл:		24			

Конкурстық тапсырманың ең жоғары бағасы **24 балл**.

0 - сәйкес келмейді

1 - пысықтауды қажет етеді

2 - толық көлемде сәйкес келмейді

3 - толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішкесәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

«ЕБҚ бар баланың отбасы үшін дағдыларды дамытудың үздік үй бағдарламасы» бағалау критерийлері

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
		0	1	2	3
1	Баланы тексеру протоколы мазмұнының дамыту бағдарламасына сәйкестігі.	0	1	2	3
2	Әзірлеменің өзектілігі мен ерекшелігі	0	1	2	3
3	Мақсаттар мен міндеттердің сауатты қойылуы	0	1	2	3
4	Тәсілдер мен әдістердің анық және қолжетімді сипаттамасы. Балалардың өнімді, белсендііс-әрекетіне бағытталған техникаларды, әдістемелерді қолдану	0	1	2	3
5	Үстелдік, едендік дидактикалық ойындардың, иллюстрацияланған материалдардың іріктелуі	0	1	2	3
6	Бейне кеңестердің болуы	0	1	2	3
7	Материалды ұсынудың шығармашылық, инновациялық және кәсіби тәсілі	0	1	2	3
8	Безендіру мәдениеті	0	1	2	3
Максималды балл:		24			

Конкурстық тапсырманың ең жоғары бағасы **24 балл**ды құрайды.

0 - сәйкес келмейді

1 - пысықтауды қажет етеді

2 - толық көлемде сәйкес келмейді

3 - толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

Педагогтің бейне-визиткасының техникалық шарттары және бағалау критерийлері.

- Формат: DVD, MPEG4. Минималды ажыратымдылық-720х480 (12:8 см).
- Бейнероликтің ұзақтығы-1,5 минут.
- Қатысушының аты-жөні жазылған ақпараттық экран сақтағышымен ресімдеу.
- Бейнероликті монтаждау және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану-мұғалімнің қалауы бойынша.

Бейнені түсіру және монтаждау кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды, фотосуреттерді, бейнефрагменттерді, арнайы эффектілерді, фондық музыканы пайдалануға болады.

Байқауға тақырыпқа сәйкес келмейтін басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімдерін қорлайтын жарнамалық сипаттағы бейнероликтер қабылданбайды.

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
1	Плагиаттың болмауы, авторлық оқудың болуы	0	1	2	3
2	Бейнеролик идеясының айқындығы	0	1	2	3
3	Бейне материалды берудің өзіндік ерекшелігі	0	1	2	3
4	Ақпаратты берудің толықтығымен дұрыстығы	0	1	2	3
5	Ақпараттың орындылығы, теңгерімділігі	0	1	2	3
6	Бейнеролик дизайнының эстетикалығы	0	1	2	3
7	Өзін таныстыру қабілеті/кәсіби дағдылары	0	1	2	3
	Максималды балл:	21			

Конкурстық тапсырманың максималды бағасы **21 балл.**

0 - сәйкес келмейді

1 - пысықтауды қажет етеді

2 - толық көлемде сәйкес келмейді

3 - толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

Педагогтердің кәсіби қызметін бағалау критерийлері әдістемелік кейс материалдары
«Арнайы білім беру ұйымдарының ең үздік педагогі» атағын алу үшін

Әдістемелік кейс материалдарды нормативтік-құқықтық құжаттама, үздік тәжірибелердің үлгілері, ұйымдастырушылық-әдістемелік материалдарынан тұратын құрылымдық цифрлық кешені болып табылады.

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
1	Шығармашылықтәсіл, өзіндік ерекшелік	0	1	2	3
2	Әдістемелік кейсмазмұныныңмақсатты бағыттылығы, маманныңерекшелігінесәйкестігі, кейстің түзету-дамыту міндеттерін шешугебағдарлануы	0	1	2	3
3	Қолжетімділік, әр жұмысқа нақты нұсқаулармен қамтамасыз етіледі	0	1	2	3
4	Авторлық әзірлемелер	0	1	2	3
5	Бейне-ойындардыңболуы	0	1	2	3
6	Дидактикалық үстелдік, едендікойындар	0	1	2	3
7	Иллюстрациялық материалдың топтамасы (суреттер, фотосуреттер, схемалар және т. б.)	0	1	2	3
8	Безендірумәдениеті	0	1	2	3
	Максималдыбалл:	24			

Конкурстық тапсырманың максималды бағасы **24 балл**.

0 - сәйкес келмейді

1 - пысықтауды қажет етеді

2 - толық көлемде сәйкес келмейді

3 - толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.